

Ақтөбе облысының әкімдігі

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2026
жылғы 19 ақпандағы № 34
қаулысы

Акимат Актюбинской области

Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров

**Ақтөбе облысы әкімдігінің
2026 жылғы 19 ақпандағы № 34
қаулысына 1-қосымша**

Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік тапсырыстың айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (тенге)				Тәрбиеленушілер саны
		10,5 сағаттық болу режимі бар топтар		9 сағаттық болу режимі бар топтар		
		қала	ауыл	қала	ауыл	
Ақтөбе қаласы						
1	Балабақшалар	58343	-	-	-	26621
1.1	Түзету топтар	103249	-	-	-	305
2	Алға ауданы					
2.1	Түзету топтар	103249	116633	-	-	27
2.2	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	58343	64467	-	-	1593
2.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	100
2.4	75 орынға арналған балабақшалар	63178	70115	-	-	75
3	Әйтеке би ауданы					
3.1	Санаторлық топтар	-	96957	-	-	12
3.2	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	64767	-	-	290
3.3	25 орынға арналған балабақшалар	-	91894	-	-	225
3.4	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	226
3.5	60 орынға арналған балабақшалар	-	75565	-	-	65
4	Байғанин ауданы					
4.1	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	77078	-	-	724
4.2	25 орынға арналған балабақшалар	-	120286	-	-	25
4.3	30 орынға арналған балабақшалар	-	102421	-	-	30
4.4	50 орынға арналған балабақшалар	-	88858	-	-	230
4.5	75 орынға арналған балабақшалар	-	86855	-	-	210
5	Ырғыз ауданы					
5.1	Санаторлық топтар	-	117474	-	-	20
5.2	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	77078	-	-	500
5.3	25 орынға арналған балабақшалар	-	120286	-	-	50
5.4	30 орынға арналған балабақшалар	-	102421	-	-	90
5.5	50 орынға арналған балабақшалар	-	88858	-	-	180

5.6	75 орынға арналған балабақшалар	-	86855	-	-	75
6	Қарғалы ауданы					
6.1	Санаторлық топтар	-	-	-	96710	
6.2	Балабақшалар (90-нан астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	-	-	62799	582
6.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	-	-	79556	30
7	Мәртөк ауданы					
7.1	Балабақшалар (90-нан астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	64767	-	-	1129
7.2	30 орынға арналған балабақшалар	-	86032	-	-	35
7.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	70
7.4	75 орынға арналған балабақшалар	-	70115	-	-	285
8	Мұғалжар ауданы					
8.1	Түзету топтар	103249	-	-	-	12
8.2	Балабақшалар (90-нан астам орын және жеке меншік балабақшалар)	58343	64767	-	-	2463
8.3	25 орынға арналған балабақшалар	-	91894	-	-	25
8.4	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	100
8.5.	Экологиялық дағдарыс жағдайына дейінгі аймағында					
8.5.1	Балабақшалар (90-нан астам орын және жеке меншік балабақшалар)	70654	77078	-	-	582
8.5.2	25 орынға арналған балабақшалар	-	120286	-	-	75
8.5.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	88858	-	-	150
8.5.4	75 орынға арналған балабақшалар	79783	86855	-	-	60
9	Темір ауданы					
9.1	Балабақшалар (90-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	70654	77078	-	-	1212
9.2	25 орынға арналған балабақшалар	-	120286	-	-	50
9.3	50 орынға арналған балабақшалар	81629	88858	-	-	200
9.4	75 орынға арналған балабақшалар	-	86855	-	-	225
10	Ойыл ауданы					
10.2	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	64767	-	-	270
10.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	92
10.4	60 орынға арналған балабақшалар	-	75565	-	-	170
11	Қобда ауданы					
11.1	Санаторлық топтар	-	96957	-	-	20
11.2	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	-	64767	-	-	330
11.3	25 орынға арналған балабақшалар	-	91894	-	-	75
11.4	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	145
11.5	60 орынға арналған балабақшалар	-	75565	-	-	60
12	Хромтау ауданы					

12.1	Балабақшалар (100-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	58343	64767	-	-	2146
12.2	30 орынға арналған балабақшалар	-	86032	-	-	30
12.3	50 орынға арналған балабақшалар	-	81524	-	-	230
13	Шалқар ауданы					
13.1	Санаторлық топтар	-	117474			20
13.2	Балабақшалар (90-ден астам орын және жеке меншік балабақшалар)	79065	86310	-	-	1675
13.3	25 орынға арналған балабақшалар	-	123091	-	-	225
13.4	40 орынға арналған балабақшалар	-	110972	-	-	40
13.5	50 орынға арналған балабақшалар	-	99873	-	-	95

**Ақтөбе облысы әкімдігінің
2026 жылғы 19 ақпандағы № 34
қаулысына 2-қосымша**

**Ақтөбе облысы бойынша 2026 жылға арналған ата-ана төлемақысының
мөлшері**

№	Қала, қалалық және ауылдық маңызы бар аудан орталықтары, ауылдық елді мекендер	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы бір күнгі ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Ақтөбе қаласы (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	1000
2	Аудан орталықтары мен аудандық маңызы бар қалалар (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	800
3	Ауылдық елді мекендер (тәрбиеленушілерді тегін бағып-күту ұсынылатын санаторлық және түзету топтарынан басқа)	700